

Раздел 2

СОЦИОЛОГИЯ

Г.С. Әбдірайымова, Г.Ә. Кенжәкімова

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІ: СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ БОЙЫНША

Соңғы уақытта тек білім беру бағдарламаларының мазмұны ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің құрылымдық-ұйымдастырушылық аспектілері, сондай-ақ студенттердің тек «диплом» алуға ғана емес, негізгі кәсіби құзырлықтарды теориялық және практикалық деңгейде саналы меңгеруге бағытталған кәсіби білім беру мәнін түсінуі де өзгеруде.

Әртүрлі грант пен кредит түрлеріне негізделген жоғары білім берудің қаржылық жағдайлары да кеңеюде. Зерттеуге қатысқан студенттердің мұндай білім беру түрлерін иеленулері туралы мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Оқу жағдайларына байланысты таратылым (респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)

№	Жауап нұсқалары	%
1.	Мемлекеттік грант негізінде	60,2%
2.	Университет гранты негізінде	3,6%
3.	Ақылы негізде, оқу ақысын демеуші төлейді	2,6%
4.	Ақылы негізде, оқу ақысын өздері төлейді	7,9%
5.	Ақылы негізде, оқу ақысын ата-анасы немесе туыстары төлейді	23,9%
6.	Басқа жауаптар	0,4%
7.	Жауап беруге киналамын	1,2%
8.	Қорытынды	100%

Эмпирикалық нәтиже талдауына сүйене отырып, білім беру әлеуметтануы аумағын зерттеу білім беру сапасына көптеп әсер ететін төмендегідей түрткіжайттарды саралауға мүмкіндік туғызады:

- 1) оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейі;
- 2) студенттердің оқуға қарым-қатынасы;
- 3) талапкерлердің құрамы;
- 4) оқу және ғылыми әдебиеттер қорының жасакталуы;
- 5) оқу процесін ұйымдастыру мен оқыту әдісі;
- 6) білім беру бағдарламаларының сапасы;
- 7) оқытудың техникалық құралдары [1].

Студенттерге сауалнама жүргізу барысында білім беру деңгейімен жалпы қанағаттанатындықтары туралы жалпы сұрақтар қойылды.

Алынған нәтиженің жалпы қосындысы 60,1%-ға ие үлкен көрсеткішті көрсетті. Сұрауға алынғандардың 1/5-і, яғни 21,1%-ы толықтай қанағаттанатындықтарын айтқан.

Кері пікір білдірген студенттердің үлесі – 13,4%. Берілген білім деңгейімен мүлдем қанағаттанбайтын студенттердің саны шамамен 4,2%-ы құрады.

2-кестедегі мәліметтерге сәйкес, сұрауға қатысқан қазақстандық жоғары оқу орны студенттерінің төрттен бірі, яғни 23,6%-ы «Не қанағаттанарлықтай емес, не қанағаттанбайтындықтай емес» деген бейтарап ұстанымды ұстана отырып, білім беру сапасына жауап беруге қиналған.

2-кесте

**«Сіз оқитын оқу орныңыздың білім беру деңгейімен қанағаттанарлықтайсыз?»
деген сұрақ жауаптарының таратылымы
(респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)**

№	Жауап нұсқалары	%
1.	Толықтай қанағаттанамын	21,1%
2.	Қанағаттанарлықтай сияқты	39,0%
3.	Не қанағаттанарлықтай емес, не қанағаттанбайтындықтай емес	23,6%
4.	Қанағаттанбайтын сияқтымын	9,2%
5.	Толықтай қанағаттанбаймын	4,2%
6.	Жауап беруге қиналамын	3,0%
7.	Қорытынды	100%

Статистикалық әдіс бойынша өңделген нәтижелер әрбір оныншы студенттің кәсіби білім беру процесімен жалпы немесе кейбір белгілері бойынша келіспейтіндіктерін көрсетеді.

Зерттеу қорытындысы бойынша алынған эмпирикалық мәліметтерді нақтылау төмендегідей қосымша параметрлерге сәйкес алынған білім деңгейінің қанағаттанарлық деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызды:

- ✓ оқыту тілі бойынша;
- ✓ оқытудың қаржылық жағдайы;
- ✓ білім беру деңгейі;
- ✓ білім беру мекемесі.

Зерттеу қорытындысы бойынша әр жоғары оқу орнының қанағаттанарлық деңгейінің әртүрлі болғандығын айтуға болады.

Алматылық жоғары оқу орындарының ішінде жиілік жалпы қосынды бойынша білім беру деңгейімен толықтай қанағаттанамын және қанағаттанатын сияқтымын деген ұстаным бойынша алда болған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болды. Жалпы оң қосынды нәтиже 68,5%-ы құрады.

Мәселені ары қарай қарастыру барысында жалпы Қазақстанда білім беру деңгейінің бірқалыпты өсіп, жетілдіріліп келе жатқандығы байқалды. Мысалы, қазақстандық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңіне мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі тән болған. Ал қазіргі кезеңде ақпараттық-коммуникативтік технологияларға, халықаралық мәліметтер базасы мен электрондық кітапханаға қол жеткізу мүмкіндіктерін қамтитын ЖОО-ның техникалық жабдықтауына маңызды жаңартулар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының академиялық бостандықтарын және студенттер мен жас мамандардың академиялық мобильділігінің маңызды деңгейін білдіретін білім берудің үлгісін қалыптастыру үрдісі анық байқалады.

3-кесте

**«Сіз оқитын оқу орныңыздың білім беру деңгейімен қанағаттанарлықтайсыз?»
деген сұрақ жауаптарының таратылымы
(қазақ және орыс бөлімдерінде оқитын респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)**

№	Жауап нұсқалары	Қазақ бөлімі %	Орыс бөлімі %
1.	Толықтай қанағаттанамын	21,8%	20,3%
2.	Қанағаттанарлықтай сияқты	39,7%	37,9%
3.	Не қанағаттанарлықтай емес, не қанағаттанбайтындықтай емес	21,5%	25,6%
4.	Қанағаттанбайтын сияқтымын	7,7%	10,7%
5.	Толықтай қанағаттанбаймын	4,6%	3,7%

Оқыту тілдерін корреляциялауда білім беру деңгейімен қанағаттанарлық туралы сұрақтың талдауы қазақстандық ЖОО-ның орыс бөлімі сияқты, қазақ бөлімдерінде де білім берудің деңгейінің

төмендеу үрдістерінің жойылуын көрсетеді. Бұл сұрақ бойынша берілген әрбір жауап нұсқаларының арасындағы ауытқу 3%-дан аспайды.

4-кесте

**«Сіз оқитын оқу орныңыздың білім беру деңгейімен қанишалықты қанағаттанарлықтайсыз?»
деген сұрақ жауаптарының таратылымы
(әртүрлі курстарда оқитын респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)**

№	Жауаптар	1-2 курс бакалавриат %	3-4 курс бакалавриат %	Магистратура %	Докторантура %
1.	Толықтай қанағаттанамын	21,4%	18,9%	22,6%	34,6%
2.	Қанағаттанарлықтай сияқты	40,3%	34,6%	38,8%	43,7%
3.	Не қанағаттанарлықтай емес, не қанағаттанбайтындықтай емес	22,3%	28,1%	16,4%	0%
4.	Қанағаттанбайтын сияқтымын	8,8%	17,7%	14,9%	16,0%
5.	Толықтай қанағаттанбаймын	4,3%	4,6%	4,5%	5,7%
6.	Жауап беруге қиналғандар	2,9%	1,9%	2,8%	0%

Сұрауға қатысқан әртүрлі курс студенттері арасында білім беру деңгейіне түрлі баға берілген. 4-кестеде келтірілген мәліметтер бойынша жалпы табиғи заңдылық болып табылатын топтардың төменнен жоғарылаған сайын білім беру сапасын қабылдауға берілген сыни бағасы да өсе түскен.

5-кесте

**«Сіз оқитын оқу орныңыздың білім беру деңгейімен қанишалықты қанағаттанарлықтайсыз?»
деген сұрақ жауаптарының таратылымы
(грант және ақылы бөлімде оқитын респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)**


№	Жауап нұсқалары	Грант %	Ақылы негізінде %
1.	Толықтай қанағаттанамын	23,6%	17,2%
2.	Қанағаттанарлықтай сияқты	40,9%	36,7%
3.	Не қанағаттанарлықтай емес, не қанағаттанбайтындықтай емес	24,2%	23,4%
4.	Қанағаттанбайтын сияқтымын	7,9%	11,6%
5.	Толықтай қанағаттанбаймын	2,5%	7,5%
6.	Жауап беруге қиналғандар	0,8%	3,7%

Бір жағынан, әртүрлі ЖОО-ның ақылы бөлімінде оқитын студенттер тарапынан білім беру сапасына үлкен талаптар қойылған (5-кесте). Мысалы, білім беру деңгейімен толықтай қанағаттанбайтындығын грант бөлімі студенттерінің 2,5%-ы көрсетсе, білім беруді өздері төлеп оқитын студенттердің 7,5%-ы көрсеткен.

Қазақстандық білім беру және әлемдік стандарттар. Бүгінгі күннің негізгі міндеті – қазіргі зияткерлік (интеллектуалдық) талаптарға, әлемдік стандарттар мен Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сай келетін бәсекеге лайықты мамандарды дайындау. Мамандарды дайындаудағы басты сапа критеріі ретінде кадрларды дайындаудың қазақстандық жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуымен байланысты ерекше өзекті болып табылатын бітірушілердің бәсекеге лайықтылығын және еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететін жоғары кәсібиліктің болуы.

ҚР-ның 2010-2020 жылдар аралығындағы білім берудің Мемлекеттік Бағдарламасында көрсетілгендей, Қазақстан қазіргі таңда білім беру, адам және бала құқықтарын қорғау салалары бойынша халықаралық құжаттардың негізгі қатысушысы болып табылады. Бұл - адам құқықтарының Жалпы Декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция, адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық Декларациясы, Еуропалық аймақтың жоғары білім беруіне қатысты біліктілікті мойындау туралы Лиссабон Конвенциясы, Болон декларациясы және т.б.

Болон процесі аясында жүзеге асырылып жатқан білім берудің халықаралық стандарттары білім берудің құрылымы мен деңгейі, мазмұндық шамалары сияқты критерийлер тізімін қамтитын жеткілікті нақты ұғым. Сонымен қатар жүргізілген зерттеу шеңбері тек нақты объективті деңгейді бағалауға ғана емес, сонымен қатар зерттеліп отырған сұрақ бойынша Қазақстанның әртүрлі аймақтарының студент жастарының қоғамдық пікірлері арқылы жалпы бағаны алуға негізделді (1-суретті қараңыз).



1-сурет. «Қазақстандық білім берудің халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы қоғамдық пікір» диаграммасы

6-кесте

Қазақстандық білім берудің халықаралық стандарттар сәйкестігіне берілген бағасы (респонденттердің жалпы санынан %-дық үлесі бойынша)

№	Жауап нұсқалары	%
1.	Әлемдік деңгейге сай келеді	22,1%
2.	Әлемдік деңгейден жоғары	3,6%
3.	Әлемдік деңгейден төмен	63,7%
4.	Жауап беруге қиналамын	10,5%
5.	Қорытынды	100%

Сауалнамаға қатысушыларға қазақстандық білім берудің әлемдік стандарттарға сәйкестігі туралы өз пікірлерін айтуға мүмкіндіктер берілді.

Қазақстандық жоғары оқу орындарынан сұрауға алынған студенттердің 63,7%-ы «Әлемдік деңгейден төмен» деген нұсқаны таңдаған.

Сұралғандардың төрттен бірі қазіргі қазақстандық білім берудің әлемдік стандарттармен тең екендігін айтқан. Тек респонденттердің 3,6%-ы Қазақстанның білім беру сапасы әлемдік деңгейден жоғары деген пікірді берген.

Қазіргі білім беру: теориялық дайындықтан тәжірибелік күзінеттілікке дейін. Білім беру технологияларын дамытудың мазмұнды критерийі болып болашақта білімді өз бетінше алуға мүмкіндік тудыратын базалық күзінеттіліктерді меңгеру процесіне негізделген инновациялық білім беруге бағыттау табылады.

Зерттеу шеңберінде, сондай-ақ студенттердің қоғамдық пікіріндегі қазіргі экономика, саясат, мәдениеттің қарқынды дамуындағы студенттер мен магистранттарды дайындауда қажетті басты күзінеттіліктерді сараптау жүзеге асырылды.

Келтірілген білімдер, ептілік және дағдылар арасында болашақтағы кәсіби іс-әрекеттеріне аса қажеттісі ретінде респонденттер тілдік дағдылар, кәсібилік және коммуникативтік дағдыларды белгілеген. Сонымен білім берудегі ең қажетті күзінеттілік деп сұрауға алынғандардың жартысы, яғни 49,8%-ы шет тілдерін меңгеруді санаған.

Ары қарай кему бойынша шамамен сауалнаманың 1/3-нде көрсетілген мынандай ұстанымдар кетеді:

1. Компьютерлік дағдылар – 33,7%; 2. Кәсібилік – 31,2%; 3. Ұйымдастыру және жоспарлау қабілеттілігі – 30,5%.

Сондай-ақ сұранысқа ие құзіреттіліктердің мына бір тобын берік базалық білімдерге негізделген ақпараттармен жұмыс дағдылары, олардың ішінде, атап айтқанда:

- ✓ Базалық жалпы білім – 28,4%.
- ✓ Ақпараттарды басқару дағдылары – 28,0%.
- ✓ Ана тіліндегі коммуникативтік дағдылар – 26,6% құрайды.

Сонымен, басқа елдердің салт-дәстүрлері мен мәдениеттерін түсіну және мәдениетті болу сияқты құзіреттілікті респонденттердің тек 9,4%-ы ғана қажетті деп санаған. Бұл – жауап нұсқаларын жиілік талдау нәтижелері бойынша ең төменгі көрсеткіш.

Жалпы алынған мәліметтер көрсетіп отырғандай, студенттер арасында құралдық (тілдік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық) және кәсіби, пәндік құзіреттіліктер бойынша нақты түсініктерінің жоқ екендігін көрсетеді. Сонымен оқытудың әлемдік стандарттарын жүзеге асыру мақсатында білім берудің үлгілерін қалыптастыруда азаматтық және медиа білім берудегі базалық басымдықтармен үйлесіміндегі жалпы және кәсіби-тәжірибелік білімдерге, тілдік дайындықтар мен ақпараттық сауаттылыққа негізделген жоғары кәсібилік ретінде теңестірілген байланысты жүзеге асыру қажетті. Қазіргі заманның жоғары және кәсіби білім беруіндегі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарында зерттеліп отырған салада қабылдаудың біртұтастылығы мен толықтылығына ұмтылатын құралдық, тұлғааралық, жүйелік және пәндік сияқты құзіреттіліктердің түрлері босқа келтірілмеген.

-
1. Шереги Ф.Э., Харчева В.Г., Сериков В.В. Социология образования: прикладной аспект. – М., 1997. – С. 71.

В статье представлены результаты тематического социологического исследования, проведенного в 2011 г. и направленного на оценку образовательных реформ и выявление наиболее актуальных проблем в системе образования.

Results of sociological thematic research conducted in 2011 and oriented to assessment of educational reforms and revelation of more actual issues in educational system are presented in given article.

З.Ж. Жаназарова

СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ СЕЛЬСКОЙ СЕМЬИ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

В Послании 2011 года народу Президентом нашей страны Н. Назарбаевым в качестве главного приоритета рассматривается проблема развития человеческого капитала, образования, здравоохранения, улучшения качества жизни и социальной защиты населения.

Особо важным сегментом диверсификации является развитие агропромышленного комплекса, реализация перспективных инвестиционных проектов, стратегии региональной занятости населения. Поэтому сегодня особое внимание должно уделяться сельской семье. Необходимо изучение психического и духовного здоровья семьи, которое является важнейшей социальной задачей, решение которой тесно связано с социально-экономическими, психологическими, гендерными аспектами ее функционирования. Проблемы исследования семьи подводят к осмыслению форм и методов ее социальной защиты, на основе которой возможно укрепление духовного начала в обществе. Важным объектом изучения современной семьи в Казахстане остается сельская семья, в которой всегда совместный труд родителей и детей выступал не только в качестве материального обеспечения, но и как мощный воспитательный фактор.

Особый интерес вызывает расслоение сельской семьи. Сокращения доли сельского населения в ближайшие десятилетия и превращения его в особый класс людей, живущих за счет труда членов семьи в личном домохозяйстве (механизированный труд фермеров) окажется в перспективе уделом немногих 5-6% населения. При этом возможны изменения в социализации подрастающих поколений